

«Көркем мәтіндегі автор бейнесі»



Орындаған: Метенова Зарина, МҚТӘ-21 тобының магистранты
Тексерген: Сұлтаниязова И.С., қазақ филология кафедрасының
доценті, PhD доктор

Көркем туындының құрылымы әр тарапты көптеген компоненттердің бірлігінен тұрады.

Олар көркем шығарма тілінің эстетикалық заңдылықтарына бағынып, көркем-тілдік жүйе құрап, шашыранды болмай, соған бірігіп тұрады және өзара ғана байланысты болмай, тұтас жүйеге тәуелді болып тұрады.

Осы жүйені туғызып, оны жасайтын - қаламгер. Осыдан «автор бейнесі» мәселесі туындайды.



Автор бейнесі»- көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі.



«Автор бейнесін» В.В. Виноградов көркем әдебиет тілі теориясындағы орталық мәселелердің қатарына қояды. «Шығарманың идеялық бағыты, ой-түйіні, көркем мазмұны, - дейді ғалым, - тек кейіпкерлер бейнелерін құрудан, олардың қарым- қатыстылықтары мен байланыстарынан, баяндау мен диалогтын құрылысынан байкалып қоймайды, сондай-ақ автор стилінен, тұтас шығарманың композициялық бірлігінен жасалатын автор бейнесінің құрылымынан да көрінеді».

В.В.Виноградовтың пікірінше, «тілдік құралдарды сұрыптап, тандап орналастыру нәтижесінде жүзеге асатын түрлі экспрессивтік-стильдік бояулар, бағалаулар мен олардың сипаты шығарманың идеялық мәні, суреткердің талғам-талабы, шығар-машылығы туралы түсінік береді. Ал, мұның бәрі шығарманың стильдік бірлігін белгілейтін автор бейнесінің тілдік құрылымында көрініс табады».

Егер «көркем шығарма автор субъектісінің формаларынан, бейнелілік элементтерінің дәнекерлік топтарынан, көркем тілдің сыртқы құрылымдық формаларынан және олармен байланыстағы таным объектісінен құралады» дейтін болсақ, онда «солардың бәрімен автор бейнесі, шығарманың ішкі образдар жүйесі және көркем тілдің шығарманың идеялық мазмұнын жинақтап, оны эмоционалды тұрғыда бейнелейтін сыртқы формалары жанды қарым-қатынаста, бірлікте болады».

Демек, көркем шығарманың барлық элементтерін бір қазыққа байлап шығарма тұтастығын ұйымдастырушы негізгі діңгек - автор бейнесі. Ол жазушының дара стилін анықтауға да көмектеседі.



your
loud pulsating
ed to it, Tracy (wh
down and dance in rhyth
And in addition to all these art

61

Алдымен басын ашып алатын жай: «автор бейнесі» - өмірбаяндық емес, құрылымдық-көркемдік, көркем тілдік категория. «Автор бейнесі» дегеннен жазушының дүниетанымдық, әлеуметтік, мінез-құлықтық т.б. ерекшеліктерінен тұратын жеке басының қасиеттерінің жиынтығын түсінбейміз. Дегенмен жазушының жеке басының ерекшеліктері оның туындыларынан байқалып тұратынын да жоққа шығаруға болмайды.



Алайда «автор бейнесі» дегенде өзара байланысты мынадай екі ұғымды түсінеміз:

1) шығарманың субъектісі, яғни, шығарманың, белгілі бір көркем-идеялық көзқарастармен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субъект;



2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылымы.

Автордың бейнесі әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Автордың идеялық нысанасы, көзқарасы, ұғым-түсініктері, наным-сенімдері, көркемдік принциптері, суреткерлік шеберлігі бәрі-бәрі кең, толық мағынасында, Әрине, шығарманың өн бойынан, бүкіл құрылыс-бітімінен, идеялық-көркемдік сипатынан танылады.

Бұл оның шығармашылық тұлғасы, жазушылық, суреткерлік сипат- өзгешелігі, ал оның өнер иесі ғана емес, өз тағдыры, өз мінез-құлқы бар жеке адам ретіндегі бейнесін алсақ, ол жекелеген жанрда (мысалы, өмірбаяндық, мемуарлық) болмаса, айқын көрініс таппайды».

Автор бейнесі болмыс пен оқырманды байланыстырушы категория. Автор ондай аралық байланыстырушы қызметті атқару үшін, өмірдегі оқиғаларды белгілі бір көзқарас тұрғысынан, яғни белгілі бір «нүктеден» баяндауы керек. Ол белгілі бір «нүктеден» кейіпкерлердің іс-қимылын бейнелей отырып, өзінің баяндауларына оқырманның қатысын (қабылдауын) және өзінің қатысын белгілейді.




Кез келген шығармада автор «көзге көрінбей» қатысып отырады. Оның демі, тынысы, нені қалайтыны, нені каламайтыны, т.б. бәрі сезіліп тұрады. Бірақ оның «сезілу» дәрежесі барлық шығармаларда бірдей болмайды. Ол жазушының баяндалып отырған жағдайларға қандай «арақашықтықты» ұстайтына байланысты. Сөйтіп, шығармадағы баяндаушы бейнесі «автор образы» әр уақытты әр шығармада бар образ. Оның мәнін нақтылай түсетін болсақ, ол суреттеліп отырған жайға қатысты белгілі бір көзқарас, принцип, идея; ол шығармадағы оқиғадан оқиғаға жетелейтін, кейіпкерлерге сөз беретін, «сөз билігін ұстаушы» сөз иесі.



Бұл айтылғандардан автор бейнесі жазушының бүкіл қоғамдық-мәдени, интеллектуальдық-эмоциональдық сапа-қасиеттерінің жиынтық бейнесі екенін көреміз. Шығармаға өзек болатын өмір құбылыстарын сұрыптап алып, оған идеялық бағыт, бейнелі күш дарытатын, бір сөзбен айтқанда, шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын қалыптастыратын жазушының өз бейнесі автор бейнесі деп аталады. Сондықтан ол жалпыланған бейне.

Шығарманың баяндау құрылымы автор (баяндаушы) сөзінен және кейіпкер сөздерінен көрінеді. Негізінен, автор шығармасында өзі баяндаушы болады. Кейбір жағдайда автор өзінің орнына қолдан баяндаушы жасап алуы мүмкін. Ондай баяндаушы оқиғаларды не оған тікелей қатысушы, не бақылаушы куәгер түрінде баян етеді. Баяндаудың бұл қырлары (автордың өз атынан, не кейіпкер атынан баяндауы) автордың баяндау перспективасын таңдауына байланысты.

Автор бір жағдайда шығармасында өзі жасайтын шындық әлемімен бірігіп, біртұтас дүние болып кетеді, одан бөлінбейді, енді бір жағдайда бейнеленетін шындық пен өзінің арасына белгілі кашықтық орнатып, одан алыстайды. Баяндау перспективасының құрамына енетіндер: шығарма авторы мен баяндаушы (оқиғаны өз атынан жүргізетін ойдан құрастырылған әдеби-көркем бейне) арасындағы қарым-қатынас, шығарманың белгілі бір мезгілдік, кеңістік және экспрессивтік тұрғыдағы бағыт-бағдары. Бұлардың бәрі бірлікте автордың идеялық-эстетикалық көзқарас-қатынасын білдіреді.



Жалпы, «автор бейнесінің» құрылымдық ұйымдасуының үш типі бар:



1. Шығарманың өн бойында өзін бірқалыпты ұстайтын, бейнеленіп жатқан жайларға бірқалыпты, біртұтас көзқарас-қатынас иесі болып келетін «автор бейнесі».

2. «Автор бейнесі» шығарманың өн бойында біртұтас, бірақ әр түрлі қырынан көрінетін, құбылмалы «жүздерге» ие құрылым.




3. «Автор бейнесі» баяндалып жатқан жайларға әрқайсысы өз көзқарас-қатынасы тұрғысынан келе алатын, «бірнеше бейнелер» жүйесінен тұратын күрделі құрылым.

«Автор бейнесінің» тарихи категория екенін, әдебиет дамуының тарихымен тікелей байланысты екенін зерттеушілер баса көрсетеді. Даму барысында «автор бейнесі» жетіліп қана қоймайды, оның түрлері де өзгеріске түсіп отырады. Дамудың бір кезеңінде бір типі қалыптасса, екінші бір кезеңінде басқа бір типі пайда болады. Әрбір жаңа кезең, шығармашылықтың дамуындағы әрбір жаңа саты автор бейнесінің жана типін, оны ұйымдастырудың жаңа формаларын дүниеге әкеледі. Аристотель «Поэтикасында» бұл жайлы алғашқы мәліметтер бар.



«Абай жолындағы» автор бейнесі, бір жағынан, қазақ прозасының қаншалықты дамығанын көрсетсе, екінші жағынан, жазушының дара стилінің ерекшеліктерін де танытады. «Абай жолында» автор кейбір қаламгерлердей өзін ашық түрде көрсетпейді. Оқиға, құбылыстарды баяндауда өзін бейтарап ұстайды, кейіпкерлерді бейнелегенде өзі солармен бірге, бір қатарда тұрады. Бұл тұста автордың өзін білдіруінің негізгі тәсілі – ортақ төл сөз. М.Әуезовтің ортақ төл сөзді пайдалануында да өзіндік ерекшеліктер бар. Автор өзі мен кейіпкер арасындағы аралық шекті алып жатады да, бірде кейіпкерге жақындап, бірде одан алыстап отырады.



Мысалы: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды. Қорықтан күн шыға атқа мінейік деп асыққан-ды. Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағайыны Байтасты да таң атар-атпастан өзі оятып тұрғызып еді. Күнұзын аттан да түспей, өзге жүргіншілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс- құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады».



Сыртқы баяндау үлгісі – авторлық, бірақ ішкі тыныс-демі – кейіпкердікі. Үйін, елін сағынған, алып-ұшқан көңілдің жай-күйі дәл берілген. Автор бала болмысының тамыр бүлкілін дәл басу үшін, оның өзіне айналып отыр. Мәтіндегі өздік есімдіктердің атқарып тұрған рөлі – автор баяндауын кейіпкердің ішкі қабылдауына айналдырып жіберу. Жалпы, қай кейіпкерді баяндаса, автор соның ішіне енеді, сол болып сөйлейді, сол болып ойлайды. Шығарма тілінде автордың кейіпкер тұрғысынан баяндауын қамтамасыз ететін тілдік тұлғалар бар. Олар зат есімнің орнына жүретін сын есімдер (арттағылар, үлкендер), олардың орнына қолданылатын есімдіктер (көбінесе сілтеу есімдігі), өткен шақ есімше тұлғалары т.б.




















Солайша, оқиға, құбылысқа автор көзқарасы кейіпкер көзімен беріледі. Кейіпкердің ұнатқаны – автордың ұнатқаны, кейіпкердің жек көргені – автордың жек көргені. Сағынып қайтқан баланың туған жерінің әр белесін, әр көдесін ынтыға көз алдына әкелуі – соның айғағы. Қорқытқанға көнбеуі – соның дәлелі. Абайдың ауылға келген жерін баяндаулары, туыс-туғанымен көрісуі – бәрі сол Абай көзімен беріледі. Оны, әсіресе, тәуелдік тұлғадағы туыстық қатынасты білдіретін сөздер айқын аңғартады. Бұлардың бәрі де – баяндау тәсілінің жазушы қаламына тән өзіндік ерекшеліктері – ортақ төл сөздің ерекше үлгісі. Ал нағыз ортақ төл сөздер де жоқ емес. Олар бірақ ұзынсонар емес, қысқа, кейіпкерлердің аласұрған ой-сезімін, эмоциясын не басқалай бір ой-күдігін беруде ғана қолданылады.

«Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда, Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жалтұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай, сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя беріп, салғырттығы жоқ сергек қатал күзетші. Жалғыз көз шүңет емес, томпақша. Тесіле, сыздана қарайды. Кірпігін де сирек қағады. Иығына бота ішігін жамылып, шалқия отырып сөйлеген Құнанбай, осы үйде әркімге қарамайды. Қарсысына таман отырған Сүйіндікке ғана қадалып сөйлейді...» Осылайша осында отырған барлық үлкендердің сыртқы келбетінің бір-бір ерекше қырларын Абай көзімен беріп алады да, автор әрі қарай өз баяндауларына кіріседі.





Сөйтіп, автор бейнесі «Абай жолында» біресе қалқып жоғары қабатқа шығып, айқын бедерленіп, біресе тереңге сүңгіп, оқиғалар мен кейіпкерлердің тасасында, терең қабатта көрініс табады. Роман оқиғаларының қозғалысын, ілгері жылжуын ұйымдастыруда ол ерекше белсенділік атқарады. Автор бейнесі көбінесе Абай бейнесімен астарлас.



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 б.

2. В.В.Виноградов «О языке художественной прозы».– М. – 1980.

3. В.Б.Катаев «К постановке проблемы образа автора» // Научные доклады высшей школы. Серия «Филологические науки», 1966. – №1.

4. М.О.Әуезов “Абай жолы”.